



Айналайын, Атамекен, ақ мекен!

# Хантәңірі



@ g.hantaniri@mail.ru  
f hantengrigazeti  
g hantengrigazeti.kz  
hantengri.gazetiikz

Газет 1936 жылдан шығады

Райымбек аудандық қоғамдық – саяси газет

№23 (8353) 1 шілде, сейсенбі, 2025 жыл

## Аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Жусанбаев Ғалым Сәлімұлының «Хантәңірі» газетінің қызметкерлерін төл мерекесімен құттықтауы

Құрметті аудандық «Хантәңірі» газеті редакциясының қызметкерлері және белсенді авторлар, мыңдаған оқырмандар! Сіздерді 28 маусым Бұқаралық ақпарат қызметкерлері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Биыл «Хантәңірі» газетінің шыға бастағанына 89 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде аталған басылым әр кез аудан өмірін оқырмандарға паш етіп келеді. Ел мен жердің тағдырын, тіршілік-тынысын жарқырата жазды. Қазіргі әлемді ақпаратсыз елестету мүмкін емес. Құрметті Журналистер! Сіздердің нақтылы азаматтық ұстанымдарыңыз, алға қарай ұмтылушылық қасиеттеріңіз өз мамандықтарыңыздың басты сипатына айналып отыр. Сіздерге жоғары кәсіби шеберліктеріңізбен мамандықтарыңызға адалдықтарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Биылғы жылы осы газеттің белді қызметкері болған елінің ерке ақыны Еркін Ібітанов атамиздың 90 жылдығын тойлап жатырмыз. Алдағы жылы ауданымыздың айнасы болып отырған тәңіртаудың тыныс-тіршілігінен хабар беретін «Хантәңірі» газетінің 90 жылдық мерейтойы күтілуде. Сол күнге барлығымыз басымыз аман, бауырымыз бүтін жетейік.

Қадірлі баспасөз саласының қызметкерлері сіздерге жаңа идеялар мен жобаларды жүзеге асыруда табысқа жете беріңіздер демекпін! Сіздерге және жақын туғандарыңызға бақыт пен амандық тілеймін!

БӘРЕКЕЛДІ!

## Ұлттық бірыңғай тестілеудегі үздік нәтиже



Жыл сайын жаз мезгілінің алғашқы айлары мектеп бітіруші түлектер үшін үлкен жаңалықтарға толы жауапты кезең саналады. Жүрегі алып-ұшып үлкен өмірге аяқ басқан түлектердің 11 жылдық білімін қорытындылап, жоғарғы оқу орнына жолдама беретін Ұлттық бірыңғай тестілеудегі нәтижелері белгілі болып, бірқатар түлектер өз білім деңгейлерін тиісінше дәлелдеді.

Биылғы жылы ауданымызда жалпы саны 316 түлек мектеп бітірсе, оның 48-і Алтын белгі иегері және 296 оқушы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуда.

Осы орайда, ұлттық бірыңғай тестілеуден үздік нәтиже көрсеткен Айбекұлы Әлібектің жемісті нәтижесін айта кеткен жөн. Әлібек 2008 жылы 18 мамырда Нарынқол ауылында дүниеге келген, Бердібек Соқпақбаев атындағы мектеп-гимназиясының түлегі. Таңдау пәндері - физика және математика. Аталмыш пәндерді таңдаудағы мақсат еткен мамандығы - «тау -кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру». Әлібек Айбекұлы ұлттық бірыңғай тестілеудің алғашқы кезеңінде 123 балл жинаса, екінші кезеңде 130 балл жинап үздік нәтиже көрсетті. Білімін өз дәрежесінде дәлелдеген Әлібек тестілеуге арнайы JUZ40 edu курсымен дайындалған. Үздік нәтиже иесінің аталмыш курспен бірге ұстаздарына айтар алғысы шексіз. Шәкірті үлкен сынақта бақ сынағанда ұстаздар да ата-аналардан кем толқымайды. Әлібек Айбекұлы математика пәнінің мұғалімі Көлбаева Назгүл ұстазына ерекше риза екенін ерекше атап айтты. Әрбір істі таза ниетпен сапалы істеу арқылы нәтижеге жетуді өмірлік ұстанымы санайтын талапкердің көрсеткен үздік нәтижесі алдағы уақытта үлкен жоғары оқу орнына бастар даңғыл жолдың алғашқы баспалдағы. Жолың ашық болсын, жас түлек!

Ақерке БИЖАН

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

## Талапкерлер eGov.kz порталы арқылы колледжге түсуге өтініш бере алады

Талапкерлер eGov.kz порталы арқылы колледжге түсуге өтініш бере алады

Абитуриенты колледжей могут подать заявки на поступление через портал eGov.kz



eGov.kz порталында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау науқаны басталды. Биыл бұл қызмет айтарлықтай жаңартылып, талапкерлер үшін әлдеқайда ыңғайлы болды. Өтініш беру жүйесіне жаңа функциялар мен сүзгілер қосылып, оқу орнын жылдам таңдауға, қателіктерді болдырмауға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

Енді өтініш беру кезінде талапкер жатақхана немесе тегін тамақтану қажеттілігін бірден көрсете алады. Әскери қызметті шақыру бойынша толық өтеген азаматтар санатына жататындар растайтын құжатты тіркей алады.

Маңызды жаңашылдықтардың бірі - оқу орнын таңдау кезінде сүзгілеу механизмінің енгізілуі. Жүйе талапкер таңдаған параметрлерге сәйкес колледждердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады: оқу аймағы, оқыту тілі, бағыт және мамандық бойынша. Оқыту тілі көрсетілгеннен кейін жүйеде тек сол тілде оқыту қарастырылған оқу орындары ғана көрсетіледі. Сондай-ақ, «Серпін» бағдарламасына қатысатын өңірлердегі ауыл мектептерінің түлектері үшін жеке сүзгі іске асырылған.

Әр талапкер өтінішті бір рет қана бере алады, бұл ретте төрт түрлі колледжге дейін, төрт мамандық таңдау мүмкіндігі бар. Құжаттардың жалпы көлемі 5 мегабайттан аспауы тиіс.

Өтініш беру үшін талапкерге:

- eGov.kz порталында авторизациядан өту қажет;
- «Білім» бөлімінен «Колледждер» санатын таңдау керек;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» қызметін таңдау қажет;
- барлық қажетті жолдарды толтырып, құжаттарды жүктеу керек;
- қызметті қолжетімді әдістердің бірімен растау қажет;
- қызмет нәтижесі пайдаланушының Жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

Қызмет көрсету мерзімі - 3-5 жұмыс күніне дейін. Құжаттарды қабылдау кезең-кезеңімен жүргізіледі және оқу түрі мен білім беру бағдарламасына байланысты. Қабылдау шарттары, құжаттарды тапсыру мерзімдері мен талаптардың толық тізімімен eGov.kz порталында қызметтің паспортында танысуға болады.

Қызметті жетілдіру Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Оқу-ағарту министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ұлттық зерттеулер және білім беру сапасын бағалау орталығының бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

## Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлықтың тамыры тереңде жатқан қауіпті әлеуметтік құбылыс. Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің биік көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халықымыз өз құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді және бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру қажет. Насихаттау ісі де ұшан-теңіз септігін тигізетіні рас. "Бастаушы болса қостаушы бар" демекші, бұл бастамамен күресудің ізбасары болып үлес қосуымыз қажет. "Жемқорлық – сыбайластың серігі". Әлбетте, бірлесіп жасалатын бұл қылмысқа тосқауыл болуымыз керек. Сондықтан, қоғамның басты ескеретіні ұсыныс жасаушылық тарапы болса, бас тарту ісін құптауы тиіс. Өркениетті алға жетелейтін бағытты ұстанып, артқа тартатын шырмаудан түрлі бөле – кесепаттан сақтанып, бас емес, жаман дертті балаққа шығармайтындай халде болашаққа нық сеніммен қадам басайық. Сонда ғана әлем алдында мемлекет беделі, абыройы алтынмен әспеттелетіндей.

Қайнар АБДИКАСИМОВ,  
Тегістік ауылдық округінің әкімі

РУХАНИ ҚАЗЫНА

## Тау тұлғалы ақын

Өлеңге өз өрнегімен келген ғажайып ақын Еркін Ібітановтың туғанына биыл тоқсан жыл. Ақын туралы әңгімені бастамас бұрын өлең туралы, поэзия туралы бірер сөз айта кетейік. Өлең туралы данышпан Абайдан асырып ешкім айта қоймаған шығар.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең», – деген Абай баршамызға белгілі «Адамның кейбір кездері» атты дүниесінде ақындықты «Тәңірінің берген өнері» деп бағалайды. Демек, ақындық адамға Алладан ғана берілер қасиет қой. Ендеше мұндай қасиетті өнер тегіннен-тегін кез келген пендеге қона бермесе керек.

Мұқағали ағасына: «Саған Қарасаздың аты берілсе беріле жатар, ал маған ауданның аты да жетеді!» деп әзілдеген екен асқар талант. Өткен жылдары ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың сыңарындай болған, Елшенбүйректің етегінде, Қарасаздың бойында қара өлең кеңістігіне бірге көтерілген қанаттас інісі Еркін Ібітановтың есімі Қарасаз ауылдық Мәдениет үйіне беріліп, заңды атауы рухани орданың маңдайшасына ілінді. «Баурайыңда егіз ұлың, Мұқағали, Еркін деген» өлең жолдары айтып тұрғандай қос перзенттің ел жүрегінен кетпейтіні де, өлең көгінен түспейтіні де ақиқат. Мұқағали мұражайының қатарында тұрған Мәдениет үйінің Еркін ақынның атымен аталуы егіз ұлға деген елдің құрметі екені айдан анық.

Бұл күнде Еркін атамның асқақ арманы орындалып, қазақ жырының аспаны сөйлеп тұрғандай көрінеді.

Қаламды жыр жолында тентіретіп,

Мен кейде жаздың таңын қарсы аламын.

Бойымды сергітсін деп желпіп өтіп,

Кіргізем тереземнен таң самалын.

Кетеді зілдей басқан қиял қашып,

Оқысам өлеңімді көңілденем

Түнімен шаттық, қайғы жиі алмасып,

Келеді-ау қиындықпен өмірге өлең! – деп ақынның өзі жырлағандай Еркін Ібітанов кеудесіне өлең қонған, қазақтың қасиетті қара өлеңімен өмір сүрген ақиық ақындарымыздың бірі әрі бірегейі болатын. Тау тұлғалы ақынның биыл туылғанына 90 жыл толуына орай әдеби және мәдени іс-шаралар жоспарланып өткізілуде. Осыған орай ақынның туған жері Қарасаз ауылының ауылдық кітапханасында «Тау тұлғалы ақын» атты тақырыпта еске алу кеші өткізілді. Шара барысында оқырмандар ақынның бюстіне гүл шоғын қойып, үнсіздікпен еске алды. Сонымен қатар оқырмандар ақынға өз арнауларын арнап, өлеңдерін жатқа оқыды. Және де ақынның ұлы Нұрбол Еркінұлы әкесі жайлы естеліктерімен бөлісті. Әрі ақынның шәкірті, замандас інісі Сұлтанаев Әбдімұхамет атамыз да қызықты сәттерін айтып, еске алды. Шара соңы әсем әндермен жалғасын тапты.

М. САТЫМҚҰЛОВА,  
кітапханашы



## Жемқорлықсыз ел – гүлденген ел!

Бүгінгі кездесуде «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын қарастырамыз. Біріншіден, тұжырымдамада бүгінгі күнге қол жеткізілген нәтижелер туралы айтылған. Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты ұдайы жетілдіріліп отырады. Оның ішінде Қазақстан Республикасының 2025-2030 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заң, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылуы және т.б. Перспективада шешуді талап ететін түйінді проблемалар атап өтілді. Ол, "Тұрмыстық" сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, бюджет қаражатын бөлу процесінің жоғары сыбайлас жемқорлықтық осалдығы, сатып алудың жеткіліксіз айқындығы, мемлекеттің экономикаға қатысуының жоғары деңгейі және т.б. Сонымен қатар, өте маңызды болып табылатын, халықаралық тәжірибені шолу. Шетелдік озық практикалардың халықаралық тәжірибесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жасау үшін көптеген факторлар мен элементтерді кешенді түрде ұштастыруды көздейтін жүйелі тәсіл қажет екенін көрсетеді. Бұл ретте институционалдық тетіктер мен құқықтық құралдарды дамыту, қоғамдық хабардарлықты және азаматтық қоғамның тартылуын арттыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажет деп айтылған. Кең қоғамдық қолдау болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі күш-жігер сәтсіздікке ұшырайды. Бұл тұрғыда тиісті мәдениетті қалыптастыру елеулі рөл атқарады. Неғұрлым дамыған елдердің практикасы ақпаратқа кеңінен қол жеткізудің, шешімдер қабылдау процестерінің айқындығы мен қоғамдық қатысу тетіктерін құрудың сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға елеулі дәрежеде ықпал ететінін көрсетеді. Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы бір сарынды іс-қимылдан қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге, халықтың сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарын қабылдамауына, алдын алу шараларының басымдығына көшуді көздейді. Қол жеткізілген нәтижелерді, халықаралық стандарттарды және алдағы кезеңге арналған стратегиялық мақсаттарды ескеретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы біртұтас саясатты дамыту жалғастырылатын болады. Аталған көрсеткіш сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың ғана емес, саяси, әлеуметтік, экономикалық реформалардың да бағасын қамтитынын ескере отырып, оған қол жеткізу жөніндегі жұмысқа сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық субъектілері тартылатын болады. Тұжырымдамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары белгіленді.

Одан бөлек, Сіздерге ақпарат ретінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзышылықтар туралы айтып өтейін. Оның ішінде, жеке және заңды тұлғалардың заңсыз сыйықы беру үшін, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алу үшін қандай жаза қолданылатыны туралы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексі 05.07.2014 ж. №235-V ҚР Заңының 34 бөлімінде аталған.

Өздеріңізге мәлім, бүгінгі күнде сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік талап етіледі. Барлығымыз бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы туруымыз керек. Сол кезде ғана мемлекетіміз дамып, халықтың әл-ауқаты көтеріледі. Сондықтан, әр қызметкердің өзінің қызметтеріне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Назарларыңызға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнамалықтың талаптары қатаң түрде сақталуы тиіс екенін жеткізім келеді.

Ш.С.НУРМЕКЕНОВА,  
Аудандық қазынашылық  
басқармасы басшысының орынбасары

## Құтырма ауруының алдын алу



**Құтырма ауруы — аса қауіпті, адамдар мен малдардың арасында тарайтын, орталық жүйке жүйесін зақымдайтын жұқпалы індет. Оның ауру қоздырғышы — өте ұсақ вирустар. Табиғатта аурудың қоздырғыштары қасқыр, түлкі, қарсақ секілді жыртқыш аңдарда сақталады. Қолға үйреткен жануарлар — ит пен мысық та бұл ауруға жиі шалдығады және олар құтырма ауруымен адамдардың және басқа да үй жануарларының ауруына себепші болады. Құтырма — ақыры өлімге әкеліп соғатын аса қауіпті ауру.**

Құтырма дүниежүзінде кең тараған, онымен барлық жануарлар мен адамдар ауырады. Қоздырғыштар ауырған жануардың ми жасушаларында өсіп жетіліп, сілекейі арқылы тарайды. Жануар адамды немесе басқа жануарларды тістеп, қапқанда, жараға жұққан сілекейі арқылы ағзаға түседі де, қан арқылы нерв талшықтарына жетіп, орталық нерв жүйесіне қарай жылжиды. Жұлын жасушаларында қоздырғыштар өсіп, жетіледі. Сол себептен қоздырғыштар түскен жара неғұрлым нерв жүйесіне жақын болса, солғұрлым қауіпті, ауру туу мерзімі тез болып келеді. Мысалы, бас, мойын, бет және ұсақ жүйке талшықтарына бай қолдың саусақтары — аса қауіпті орын. Қоздырғыш енген жерде, алғашында қышыма пайда болып, невралгия сипаттас ауру сезімі дененің басқа жерлеріне беріле бастайды. Адамды қорқыныш билеп, қатты алаңдап, күйзеліске ұшырайды.

Ауру белгілері басталғаннан кейін 1-3 күн өткен соң ол судан, жарықтан, шудан қорқа бастайды. Жарық сәулесі немесе аздаған жел лебінің өзі, судың сылдыры аурудың денесін құрыстырып, дірілдеп қалшылтады. Әсіресе тыныс жолдарының бұлшық еттері қарысып, тұншығады. Ақыры мидың сал болуынан адам өледі.

Құтырма ауруының алдын алу шаралары:

- Қаңғыбас, бұралқы иттер мен мысықтарды аулау, жою, жануарларды үй жағдайында ұстау ережелерін сақтау, үй жануарларын құтырма ауруына қарсы профилактикалық егу.

- Жануарлар тістеуінен, сілекейленуінен, тырнауынан зардап шеккен адамдар сол бойда медициналық көмекке жүгінуі керек.

- Дәрігер тағайындаған антирабикалық екпені схемаға сай алу. Зардап шеккендер емдеу-профилактикалық егуді 6 рет алады (қаралған күні 0 екпісі, 3-күні, 7-күні, 14-күні, 30-күні, 90-күн). Екпе қабылдап жүргенде қатты ыстықтан, салқыннан қорғану қажет және алкогольді ішімдіктер ішуге болмайды.

- Адамдарды тістеп алған ит, мысық және тағы басқа да жануарларды емдейтін (ветеринарлық) мекемеге жеткізіп, 10 күн бойы бақылау керек. Адамды қапқан жануарды өлтіруге болмайды, өйткені бақылау қорытындысы бойынша алдын ала емдеу тактикасын таңдау қажет болады.

- Үйде ұстайтын иттер мен мысықтарды жыл сайын құтырма ауруына қарсы екікізіп отыру керек, серуендету жөніндегі ережені сақтау қажет. Сондай-ақ жаңадан сатып алған итті тіркеуден өткізіп, ектіру міндеттеледі. Кешкі уақытта итті тек жабық аулаға жіберу керек. Жалпы ортақ аулаға серуендету үшін көшеге итті тек қысқа қарғыбаумен және мұрындықпен шығару керек.

- Құтырмамен ауырған адам сауықпайды, бірақ алдын алуға болатынын есте сақтау қажет. Ол үшін құтырма ауруына қарсы қолданылатын егулер уақытында жүргізілуі тиіс.

Зардап шеккен адамды сақтандырудың бірден-бір шарасы — егу. Сондықтан сырт көзге дені сау болып көрінген жануардың тістеуінен немесе тырнауынан зардап шеккен жағдайда да дереу дәрігерге көрініп, дәрігер тағайындаған егудің толық курсына алу қажет, екпелерді үзуге болмайды. Екпе жеңіл өтеді.

## eLicense.kz порталында Жоғары білім берудің бірыңғай порталымен интеграция іске қосылды

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бойынша жүйелі жұмыс аясында eLicense.kz порталында Жоғары білім берудің бірыңғай порталымен (ЖББП) интеграция іске асырылды. Жаңа функционал өтініш беру барысында білім туралы мәліметтерді автоматты түрде жүктеуге мүмкіндік береді – бұл уақытты үнемдейді, қолмен енгізу қажеттілігін жояды және қателіктер санын азайтады.

Енді оқу орнының атауы, мамандығы және диплом берілген күні туралы мәліметтер өтініш формасын толтыру кезінде ЖББП-дан тікелей жүктеледі. Интеграция медицина, атом энергетикасы және азаматтық қару айналымы салаларындағы сұранысқа ие бірқатар электрондық қызметтер үшін жүзеге асырылды. ЖББП-пен интеграция келесі мемлекеттік қызметтер шеңберінде қолжетімді:

- Атом энергиясын пайдалану объектілерінің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау;

- Медициналық қызметпен айналысуға лицензия беру;

- Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру;

- Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маман сертификатын беру;

- Азаматтық және қызметтік қару мен оған арналған оқ-дәрілерді (жеке және заңды тұлғалар үшін) сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және тасымалдауға рұқсат беру;

- Ату тирлерін (оқ ату орындарын) және стендтерді ашуға және олардың қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру;

- Азаматтық және қызметтік қару мен оған арналған оқ-дәрілерді жобалау, өндіру, жөндеу, сату, коллекциялау, көрмеге қою қызметі.

ЖББП-пен интеграция әкімшілік процестерді жүйелі цифрландыру жұмысының бір бөлігі болып табылады және лицензиялар мен рұқсаттарды алу рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған.

Бұл жаңарту ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі арасындағы ынтымақтастық аясында жүзеге асырылды.

«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті

## Бруцеллездің алдын алу

Бруцеллез – еңбекке деген қабілетті ұзақ уақытқа дейін жоғалтатын аса қауіпті ауру. Бруцеллез ауруы, жануар мен адамға ортақ жұқпалы дерттердің бірі. Ауруын тудырушы микробтар тобын бруцелла деп атайды.

Жалпы бруцеллез деген не, ол қалай жұғады? деген сауалға тоқталсақ, бруцеллез – адамдарға жануарлардан берілетін зоонозды ауру. Бұл ауру адамға ауылшаруашылық малдарынан жұғады. Инфекция көзі бруцеллезбен ауыратын жануарлар қой, ешкі, ірі мүйізді мал, шошқа болып табылады. Адамдар үшін ең қауіптісі – қой-ешкі малы. Бруцеллез қоздырғыштары сыртқы ортаға аса төзімді келеді. Мәселен, бруцеллалар әдеттегі температурада шикі сүтте 10 күннен 18 күнге дейін, мұздатылған етте – 47 күннен аса, жүнде – 4 айға дейін, ағынды суда – 12 күнге дейін, топырақта және қида - 4 айға дейін сақталады. Залалсыздандыру заттарының және жоғары температураның әсерлерінен бруцеллез қоздырғыштары тез өледі.



Адамдар ауру жануарларды бағып-күтуде, сою кезінде, жеке бастың алдын алу шараларын сақтамағанда, олардан алынатын шикізаттарды өңдеуде және тамаққа шикі сүтті және одан дайындалған өнімдерді, жеткіліксіз қайнаған етті пайдаланғанда жұқтырады. Жасырын кезеңнің ұзақтығы шамамен 1-3 аптаға, ал кейбір жағдайларда бірнеше айға дейін созылуы мүмкін.

Бруцеллездің алғашқы белгілері:

Ауру әдетте біртіндеп басталып, көңіл-күйі нашарлайды, бұлшықеттері ауырады, асқа тәбеті жоғалады, терлейді, жұмысқа қабілеттілігі төмендейді. Көп ұзамай бұл белгілер күшейіп, дене ыстығы 39-40оС-қа дейін жоғарылайды, басы, буындары ауырады, бұлшықеттер мен сүйектердің қақсап аурады, әлсіздік, ұйқысыздық пайда болады.

Алдын-алу шаралары:

Бруцеллезді жұқтыруды болдырмау үшін, әрбір адам келесі ережелерді қатаң сақтауы қажет:

- жыл сайын малдарды бруцеллезге тексеруден өткізу;
- малда түсік тастау жағдайын тез арада малдәрігеріне хабарлау;
- балаларды бруцеллезге тексерілмеген малдарға күтім жасауына, олардың төлдерімен ойнауына жол бермеу;
- мал күтіміне кіріспес бұрын, арнайы киім кию;
- бұл киімдермен тұрғын үйге кірмеу;
- жұмысты аяқтағаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;
- ауру мал тұрған қораларда тамақ ішпеу, темекі шекпеу;
- малдәрігерінің алдын-ала қарауынсыз малды союға жол бермеу;
- малды союды аулада емес, мал сою пункттерінде жүргізу;
- жеке адамдардан мал сатып алғанда малдәрігерінің рұқсат қағазын талап ету;
- ет және сүт өнімдерін қатаң белгіленген орындардан алу (базарлар, дүкендер, үлкен сауда нүктелері). Сондай-ақ мал қожайыны малдағы іш тастаудың, төлдің өлі туылуының әрбір жағдайын малдәрігерлеріне хабардар етуге міндетті.

Бруцеллез бұл емделетін ауру. Дер кезіндегі диагностика мен емдеу жедел бруцеллездің созылмалы сатыға өтуін алдын алады.

Әрбір адам бруцеллездің алғашқы белгілері байқалысымен дереу дәрігерге көрінуі керек.

А. АКЕБАЕВА,

Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

## Жас жалын

балалар беті

## Қанатын қайырған мерген

Апам кейде түннің бір уағында шайға шақырады. Үй ішіндегілер тәтті ұйқы құшағында жатқанда, біз екеуіміз алакөбең сәуле астында әңгіме айтамыз. Ол кісінің әңгімелері... бірін тыңдасаң, келесі күтесің. Әсіресе, кейбір оқиғалар ойыңнан кетпей, санаңа сіңіп, жүрегіңді әлдебір мұңлы сезімге бөлейді. Бірде дәл осындай бір түнде апам маған ерекше бір хикаяны айтып берген еді.

- Бұл өмірде әр тіршілік иесінің өз сыбағасы бар, балам, - деп бастады ол әңгімесін баяу үнмен. Табиғаттың өз заңы, жаратылыстың өз тәртібі бар. Оны бұзуға болмайды...

Апам қолындағы кесесін асықпай орнына қойып, терең бір күрсінді.

- Ерте заманда Шәкен деген мерген өмір сүрген екен. Оның атқан оғы ешқашан мүлт кетпейтін, қолына садақ алса, аң екеш аң да, құс екеш құс та тығыларға жер таппайтын. Бірақ адамның атағы артқан сайын, маңайында күмәншілдер де көбейеді ғой...

Бірде ел ішінде үлкен той болып, соған Шәкен де шақырылады. Кең дастархан басында отырған ел-жұрт әңгіме тиегін ағытып, түрлі қызықты оқиғаларды айта бастайды. Біреулер ерлікті сөз етсе, енді бірі аңшылықтың қызықтарын бөлісіп отырды. Әңгіме үстінде әлдекім Шәкеннің мергендігін тілге тиек етті.

- Шәкеннің оғы мүлт кетпейді дейді ғой? - деді әлгі адам, ішіндегі қызғанышын жасыра алмай.

- Иә, - деп жауап қатты екінші бірі. - Құралайды көзге атқан мерген ғой! Сол сәтте біреу орнынан баяу кө-

теріліп:

- Олай болса, Шәкеннің нағыз мерген екенін дәлелдейік. Мынау көлден көтерілген аққуды атып түсірсін! - деді жұртқа сұсты көзбен қарап.

Дастархан басында үнсіздік орнады. Аққу - қасиетті құс. Оны ату - жаман ырым, бірақ сын садағы тартылды: енді үнсіз қалу - намыс. Шәкен біраз кідірді. Айналасына көз жүгіртті. Жұрттың бәрі оның жауабын күтіп отыр.

«Жігітті намыс өлтіреді» дегендей, Шәкен жұрттың алдында үнсіз қалуды ар санап, садағын алып, қорамсadan жebesін шығарып жатып аспанға көз тастады.

Көк жүзінде қалықтап жүрген аққу... Оның мойны ұзын, қанаты сұлу, бейкүнә құс еді. Бірақ Шәкен оны көрген жоқ. Ол тек нысананы көрді.

Жебе ұшты. Аққу жанұшыра шырылдап, қанатын бір қағып, құлдилап жөнелді. Көз алдында арпалысқан ақ қанат... Бірақ бұл көріністің ең ауыры - жалғыз қалған жұбайының шыр көбелек айналып, серігін қимай, оның жаны үзілер сәтте қасына келіп, өзін де ажалға қиғаны еді.

Құлап бара жатқан қос аққуды көрген жұрттың көзі шарасынан шықты. Кеуделерін ауыр күрсініс қысып, үнсіз тұншығып қалды. Бірақ бәрі кеш еді...

Сол түні Шәкен үйіне үнсіз қайтты. Қолындағы садағын бос тастай салды да, ешкімге тіл қатпастан есігін жауып, түн қараңғылығында жалғыз қалды. Бірақ ол сол сәтте өзінің не бүлдіргенін толық түсінбеді.

Түсінді. Бірақ, бір жылдан соң.

Сол бір жылдың ішінде оның көрген азабы қырық жылдық қайғыға татитын еді. Бірінен соң бірі, көзі көрінген тоғыз баласы да ажалдың суық құшағына кетті. Ана жүрегі қан жылап, әке болса, үнсіз жан азабын тартты. Көзіне көрінген перзенттерінен айырылғанда, Шәкен бәрін түсінді.

Аққуды атқан оңбайды.

Бірақ бәрі кеш еді.

Мен үнсіз отырдым. Апамның даусы түн қараңғылығында тербеліп, әлі естіліп тұрғандай болды. Ол терең бір күрсінді де, үнсіз шайын ұрттады.

- Аққулар ешқашан ұйықтамайды, балам... Олар біз жіберген қателіктерді үнсіз күзетіп тұрады. Сен де ешқашан мұны ұмытпа.

Адам кейде өзіне қойылған сынақтан қалай шығарын білмейді. Бірақ әр шешімнің өз салдары бар. Аққуды атқан мергеннің тағдыры—соның дәлелі.

Мен сол түні көпке дейін ұйықтай алмадым. Көз алдымнан қанаты қайырылған қос аққу кетпей қойды. Сол түні көзімді ілсем де, аққулар қалықтап, жанұшыра шырылдап тұрғандай көрінді. Мүмкін, олардың үні әлі де түннің тыныштығын бұзып, бізге бір нәрсе айтқысы келетін шығар. Бәлкім, олар әлі де біреудің түсіне кіріп жүрген шығар...

**Жанерке АЙДОСҚЫЗЫ,  
А. Сәрсенбайұлы атындағы  
орта мектептің  
11-сынып оқушысы,  
Сарыжаз ауылы**

«...Таң мен күннің арасы таянғанда,  
Таудың басы алаумен боялғанда,  
Тірілетін таудағы бар тіршілік,  
Қанатынан аққудың оянған ба?!...»

## Мұқағали Мақатаев

Таң алдында тау басын қызғылт арай көмкергенде, даланың салқын самалы жанға жайлы тыныштық сыйлайтын. Бұл тыныштық - табиғаттың мәңгілік үндестігі. Бірақ сол үнсіздіктің өзі кейде жан айқайынан қатты шыңғырып, ғасырлар бойы шегінбес жара қалдыратынын кім білген?..

## Менің мақтаным

Қазақ тілі сабағында бірде Ләззат апайым сыныпқа әңгіме жазуға тапсырма берді. Әңгімені алғаш рет жазуым. Кім туралы жазамын деп көп ойланбастан, өзімнің сүйікті әжем туралы жазамын деп шештім.

Менің әжем Әбдіхалық келіні Тәжиева Күли Райымбек ауданы, Қаратоған ауылында тұрады. 90 жастан асты. Әжем - еңбекқор, мейірімді, момын жан. Әжемнің шын есімі - Гүлім, қырғыздың қызы. Апамның айтуы бойынша, атам апамды 15 жас шамасында алып қашыпты. Ауқатты отбасына келін болып түсіпті, қазақ тілін білмесе де ата-енесімен тіл табысып, үйдегі бар шаруаны бітіреді, таң атқаннан қазан асылып, самаурын кеш батқанша қайнайды екен. Үйден қонақ үзілмейді, ал сол қонаққа апам қызмет жасайды деген сөз. Қайын інісімен шөп шабуға барады, атам екеуі колхозда қой бағып, зейнетке шығыпты. Еңбек ете жүріп 5 ұл, 5 қыз өсіріп тәрбиелеген, көп балалы ана. Апам тоқсанға келгенше бір күн еңбектен қол үзген емес. Шамасы келгенше жүн иіріп, нәски тоқып берді, көрпе құрайтын, бие сауып, қымыз ұстаған, апамның қолынан дәм татқан кісілер «қолы тәтті еді, қымызы балдай еді» деп айтады. Бұрынғы кезде көп нәрсені қолмен жасайтын, қазір адамның бір жағына техника шығады. Соны ойлап апамның қандай еңбекқор, төзімді, сабырлы адам болғанын түсінемін. Қазір апам он баласының үйіне кезек-кезек қонақ болып қыдырып жүр. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ана. Бейнетінің зейнетін көру деген осы шығар. Ал мен апамның сүт кенжесі Бақытжанның қызы Айзеремін. Әжемнің бір ғасырлық өмірі, бір кітап. Менің әжем туралы кішкентай әңгімем болашақта жазылатын үлкен кітабымның бастамасы болсын.

**Айзере МӘДАЛИМ,  
Нұрбапа Өмірзақов атындағы  
орта мектептің 5-сынып оқушысы,  
Жетекшісі: Бекбосын Ләззат  
Қаратоған ауылы**

## Әже

Әлемдегі ең мейірімді жан ол-әже. Себебі бәріміздің алтындай әжелеріміз бар. Менің әжем мен туыла салғаннан бастап мені мәпелеп, ақылын айтып өсірді. Әже деген ол сенің әкеңнің де, анаңның да анасы.

Әжелер өздерінің немерелері туылғаннан бастап өзінің балаларынан да қатты жақсы көре бастайды. Әже деген есім үш әріптен тұратын болса да артында тылсым сезімді білдіретін бір ғажайып тұр. Немересі мен әжесінің арасындағы махаббатты сөзбен айтып жеткізе алмайсың. Мысалы менің әжем мен жарысқа бара жатсам бірге барады, қолдайды. Көңілді сәттерді бірге көреміз. Абай Құнанбаев атамыз бен Мұқағали аталарымыз да өздерінің әжелерінің тәрбиесін алып, ақылын тыңдап өскен. Сондықтан қазақта бала тәрбиесінде әженің орны ерекше.

Мен де әжемнің тәрбиесінде өсіп келе жатармын. Әжем әрқашан маған ақыл - кеңесін айтып батасын береді. Мен әжемнің қасымызда ұзақ жүргенін қалаймын!

**Айару ДАРХАНҚЫЗЫ,  
Б. Соқпақбаев атындағы  
орта мектеп-гимназиясының  
4 - сынып оқушысы,  
Нарынқол ауылы**



## Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ



ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

www.fms.kz



**Қордың Қоғамдық-консультативтік кеңестің жаңартылған құрамы 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылады.**

Еске сала кетейік, Парламент Мәжілісінің депутаты Константин Авершин кеңес мүшелерінің басым даусымен Қоғамдық-консультативтік кеңеске төраға болып сайланды. Ол медициналық қауымдастықтың мүддесін қорғап қана қоймай, денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті мәселелерді ашық көтеріп, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған заң жобасын талқылаған жұмыс тобының мүшесі болған халық қалаулысы.

Бұл Қордың қоғаммен ашық диалог орнатуға және барлық жұмыс барысын ашық жүргізуге дайын екенін көрсетеді.

Кеңес құрамы денсаулық сақтау саласының барлық мәселелерімен етене таныс әрі медицина жүйесін терең меңгерген сарапшылардан құралғандықтан (медициналық ұйымдардың басшылары, республикалық ғылыми орталықтардың өкілдері, бірлестіктер мен қауымдастықтар, депутаттар), олардың тарапынан әсіресе медициналық көмекті қаржыландыруға қатысты маңызды мәселелерді егжей-тегжейлі қарастыру ұсынылды. Атап айтқанда, Кеңес мүшелері медициналық ұйымдарға қаражатты бөлу тәртібін, мониторинг жүйесіндегі өзгерістерді, сондай-ақ көрсетілген медициналық қызметтер үшін ұйымдарға уақытылы ақы төлеуді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды сараптауға баса назар аудармақ.

Кеңестің 2025 жылдың соңына дейінгі жұмыс жоспары екінші отырыс барысында талқыланды.

Қоғамдық-консультативтік кеңестің толық құрамымен Қордың ресми сайтында сілтеме арқылы танысуға болады:

## Пациенттердің шағымдары 11,7%-ға азайды

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында халық тарапынан МӘМС жүйесіндегі медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне қатысты шағымдардың азаюына ықпал еткен шаралар туралы баяндалды.

2025 жылдың алғашқы бес айында Қорға барлығы 10 363 шағым түсті, олардың 5 073-і қайтарылып алынды. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,7%-ға төмен. Ол кезде 11 745 шағым тіркелген еді (5 167 қайтарылған).

«Азаматтардың шағымдарын азайту және медициналық қызмет сапасын жақсарту бағытындағы жүйелі жұмыс нәтижесінде оң нәтижеге қол жеткізілді. Осы мақсатта Қор медициналық ұйымдар базасындағы пациенттерді қолдау қызметтерімен бірлесіп жұмыс істейді. Қор бұл қызметтердің мамандарының кәсіби деңгейін арттыру үшін ай сайын оқыту сессияларын ұйымдастырады», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

Оқытулар негізгі бағыттарды қамтиды – беделді басқару (репутациялық менеджмент), этика және деонтология, ҚР медицина қызметкерлерінің ар-намыс кодексі. Сессия барысында нақты келіп түскен шағымдар талданып, қаралады. Бұл теориялық білімді тәжірибеде қолдануға, сондай-ақ халық тарапынан сенімді арттыруға мүмкіндік береді.

Халықпен кері байланысты күшейту және еліміздегі медициналық көмектің сапа стандарттарын арттыру жұмыстары жалғасуда.

**Еске саламыз:** Егер сіз медициналық көмек алу кезінде мәселе туындаса, дәрігердің ем тактикасына қатысты шешімімен келіспесеңіз немесе МӘМС жүйесіндегі мәртебеңізге қатысты сұрақтарыңыз болса, Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне аласыз. Аталған қызмет әрбір медициналық ұйымда жұмыс істейді. Оның жұмысы Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексімен, сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығымен реттеледі («Медициналық қызметтердің (көмектің) сапасына ішкі және сыртқы сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы»).

## Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында кезекті жиі қойылатын сұрақтар мен оларға жауаптар дайындады.

**1. Өз емханамда көрсетілетін қызмет сапасына көңілім толмаса, дәрігерден басқа клиникадағы бейінді маманға немесе диагностикалық зерттеуге жолдама ала аламын ба?**

Пациентке кез келген консультативтік немесе диагностикалық қызметті учаскелік дәрігер тағайындайды. Ол алдымен пациенттің жағдайы мен шағымдарын ескеріп, көрсеткіштер болған жағдайда зертханалық немесе өзге де тексерулерге жолдама береді.

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес, азаматтың дәрігер мен медициналық ұйымды еркін таңдауына құқығы бар. Демек, егер пациент басқа клиникада қызмет алғысы келетінін білдірсе, емдеуші дәрігер осы өтінішті ескеріп, жолдама бере алады. Бұл ретте таңдаған клиника ӘМСҚ-ның жеткізушілер тізімінде болуы шарт. Жолдама рәсімделген соң, келісімшарт автоматты түрде ақпараттық жүйелерде тіркеледі.

**2. Стационарға жоспарлы түрде жату керек. МӘМС аясында ауруханаға жату үшін не істеу керек?**

Пациент тіркелген емханасындағы дәрігерге жүгіну керек. Егер ауруханаға жатқызуға көрсеткіштер болса, дәрігер толық көлемде қажетті зерттеулерді тағайындайды. Медициналық ұйымды пациент өз дәрігерімен бірге таңдай алады.

Осыдан кейін ауру түріне байланысты емдеу хаттамасына сәйкес зерттеулер тізімі жасалып, «Емдеуге жатқызу бюросы» порталына кезекке қою жүзеге асырылады.

Жоспарлы госпитализацияға жолдама алған соң, пациент арнайы талон арқылы www.bg.eisz.kz сайтынан өз кезегін қадағалай алады.

**3. Учаскелік акушер (фельдшер, медбике/медбрат) қандай медициналық көмек көрсете алады?**

Орта буын медицина қызметкері дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді. Оған:

- денсаулық жағдайын бағалау және ауруларды анықтау мақсатында қабылдау мен тексеру жүргізу;

- «Жүкті әйелдер мен ұрпақты болу жасындағы әйелдер тіркелімі» жүйесіне деректер енгізу;

- Жүкті әйелдерге, босанған аналарға шұғыл көмек көрсету;
- Созылмалы аурулары бар жүкті әйелдерді бақылау;
- Акушер-гинекологтың тағайындамаларын орындауды қадағалау;
- Физиологиялық жүктілік кезінде бақылау және патронаж жүргізу;
- Жүкті әйелдерге, босанғандарға және гинекологиялық ауруы барларға үйге барып қызмет көрсету;

- Ауруларды ерте анықтау үшін скринингтер мен профилактикалық тексерулер өткізу;

- Отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық бойынша кеңес беру;
- Диспансерлік есепте тұрғандарды динамикалық бақылауда ұстауға көмектесу;

- Есепте тұрғандарға арналған тегін дәрі-дәрмекке рецепт жазу.

**4. Қандай жағдайларда медицина қызметкерін үйге шақыруға болады?**

Медицина қызметкерін үйге шақыру – адамның жағдайы күрт нашарлаған немесе созылмалы ауруы асқынған кезде, бірақ өміріне қауіп төндіретін белгілер байқалмаған жағдайда жүзеге асырылады.

Учаскелік медбике немесе фельдшер тарапынан үйге келіп қызмет көрсету мынадай жағдайларда мүмкін: шақыру кезіндегі дене қызуы 38°C-қа дейін болса; артериялық қысым көтерілгенімен, жалпы жағдайы қанағаттанарлық болса; есінен тану, қан кету, немесе кенеттен жағдайының күрт нашарлауы байқалмайтын жарақаттар мен аурулар кезінде, егер медициналық көмек пен кеңес қажет болса.

Учаскелік дәрігер үйге келесі жағдайларда шақырылады: шақыруды қабылдаған тіркеу бөлімі, медбике немесе фельдшер жағдайды дәрігерлік қарауды қажет етеді деп бағаласа; вакцинациядан кейінгі жағдай нашарласа<sup>№</sup>

5 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер мен босанған аналарда денсаулығы нашарлаған кез келген жағдайда үйге қызмет көрсетіледі.

65 жастан асқан адамдардың жүріп-тұруында қиындықтар болса, үйде қаралады.

**5. МӘМС аясында психолог көмегін алуға бола ма?**

Психологиялық немесе психотерапиялық кеңес – мамандандырылған медициналық көмектің бір түрі. Бұл көмек нақты диагностика мен емдеуді, медициналық оңалтуды қажет ететін ауруларда, сондай-ақ телемедицина құралдарын пайдалана отырып көрсетіледі.

Пациент психолог қызметін өз емханасы деңгейінде келесі бағыттар бойынша ала алады:

- психологтың қабылдауы;
- балалар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша сабақтар өткізу;
- мінез-құлықтық және психобелсенді бұзылыстарға күдік туған жағдайларда қабылдау;
- әлеуметтік бейімделу, жас ерекшелігіне сай қиындықтар бойынша кеңес беру;
- созылмалы аурулары бар пациенттерге өзін-өзі басқару тәсілдерін үйрету;
- жүкті әйелдерге, жасөспірімдерге және жастарға Жастар денсаулық орталықтарында қызмет көрсету.

Психологтың консультациясы ТМККК, МӘМС жүйесі аясында да қолжетімді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»

Еркін Ыбітанов атындағы әдеби бірлестік айдыны №54(65)

## Таусалтал



**Мінуар ӘКІМХАНОВ, ақын,  
Қазақстан Жазушылар одағының  
мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сый-  
лығының лауреаты, Райымбек ауданы-  
ның Құрметті азаматы**

### АҒЫСҚА ҚАРСЫ ЖҮЗГЕН (Жақыпжан Нұрғожаевқа)

Арынды арғымақтай, алтын жалды,  
Қаламгер кім білмейді Жақыпжанды.  
Құрметке лайық деп бағалаймын,  
Қазаққа қадірі артқан жарқын

жанды.

Ой қуып, қалам тартып, кең көілді,  
Атанды жазушы боп сөзге сырлы.  
«Жетісу» газетінде көш бастады,  
Ағысқа қарсы жүзген серке сынды.  
Биікке құлаш ұрып қарым талды,  
Деместен сөзге арнады бар ынтаны.  
Алмағайып заманда қалқаланған,  
Қайтарды ырысы мол қарымтаны.  
Қарыссыз тілегімді орындаған,  
Тілдесіп айтқам талай ойымды оған.  
Аңғардым сондай сатте жан екенін,  
Құр сөзбен бос мақтанға

бой ұрмаған.

Ескіменен жаңаның біліп нарқын,  
Жүр бүгін ортамызда күліп жарқын.  
Сөзімен өрнектеді туған жерін,  
Алған жоқ аласартып биік даңқын.  
Алысым емес әсте бір жақтағы,  
Көңілін ағасы оған бұрмақ тағы.  
Тынысым тарылады неге менің,  
Қазақтың болып жүрсе шын

мақтаны.

Келсе де терең сырлы жасқа мынау,  
Ойында жоқ, қазақтан басқаға ұнау.  
Іргелі еңбегінің ізі емес пе,  
Бұл күнде қос самайын басса қырау!

### ОЙ ҰШҚЫНДАРЫ

Төгілген жырдай болып балқып  
тілден,  
Сертіңнен кеткенің бе, тайқып  
бірден.

Жан жаққа сұрау салдым,  
жоқ хабарың,  
Табамын сені іздесем қай түкпірден.

Жаралған жан едің ғой бір сен текті,  
(Шынымен бола алмассың  
сүйсең кекті)

Із кестім, хабар күттім,  
қалжырадым,  
Қалғанын төзім бітіп білсең нетті.

\* \* \*

Аспаннан төгілді әне құла жаңбыр,  
Арылсын шаң тозаңнан құба жал бір.

Осынау көріністен ой ұшқындап,  
Жетсінші оқырманға ұнаған жыр.  
Білемін басыңа тау бұлт ілесін,  
Қаһарлы боран оны сілкілесін.  
Содан соң жаңбыр жауып кең далаға,  
Таумен тас, орман тоғай бір түлесін.

\* \* \*

Армандай ардақ тұтқан жарқын  
құрбы,

Баяғы көз алдымда қалпың нұрлы.  
Сенің де ұмытуың мүмкін емес,  
Көктемгі қына терген салқын

қырды.

Жаз келді сағындырған көптен бергі,  
Жасартты жасыл шалғын,  
шөккен белді.

Қаламың хабар ма деп сен жолдаған,  
Жүзімнен үлбіреп бір өпкен желді.  
Күн ана жерге өң берді нұрын жағып,  
Тұр әне, тал, теректер бүрін жарып.  
Елжіреп сені есіме алдым еркем,  
Өзеннің жағасына бүгін барып.  
Әдемі дала қандай шуақ емген,  
Нұрлы кез бұл өмірге шын – ақ енген.  
Жанарды жаулап алған гүл көктемді,  
Алдымнан сен бе деймін  
шыға келген.

\* \* \*

Шөптесін, топырағы жұмсақ қырды,  
Күз келіп қара суық құрсап тұрды.  
Сарғайған жапырақты бақ ішінде,  
Кездестім мен өзіңе сусап құрбы.  
Жүгіріп жеткенімде ынттық жерге,  
Қарылды қатқыл мінез тұмсық  
желге.

Ғайыптан жарқын жазға  
жолыққандай,  
Шарпылдым сенен шыққан ыстық  
демге.

\* \* \*

Жан едің сыр айтуға сенімді өзің,  
Мөлдіреп тұратұғын сенің көзің.  
Қиянға қиялымды жетелейтін,  
Ойымда сақтаулы жүр небір сөзің.

Елеңдеп ертелі - кеш енді күтпе,  
Қоятын соңғы сөзге келді нүкте.  
Өзгерттің өмір - өзен ағысымды,  
Өткеннен қалмағандай белгі түк те.

\* \* \*

Қалың тоғай ортасында ырғайлы,  
Жүргендеймін жол таба алмай  
ыңғайлы.  
Бей жай болып отырғаным содан ба,  
Жүрегімді буып тастап бір қайғы.

Дауыл жайпап өткендей-ақ сұрапыл,  
Неге ғана байлаулы тұр мына тіл?  
Кеудемдегі жарып шығар бөгетті,  
Саған деген сағыныш па сірә бұл.

\* \* \*

Жолықтыра алам ба, сені іздесем,  
Бәлкім мен өзенді өтіп теңіз кешем.  
Аңсарым өмірдегі өзің едің,  
Табармын тосқауылдан шегінбесем.

Жүрші аман дегеніңде серім менің,  
Жанымды шарпыды от боп  
сенің демін.

Тас басып табанымнан  
таусылсам да,  
Табамын деген мықты сенімдемін.

\* \* \*

Алматыға қалмайын деп мен сіңбей,  
Жүрмін жанға жаман әдет  
дарытпай.  
Кейбіреулер астам сөйлеп менсінбей,  
Өте шықты жылы қабақ танытпай.

Келсем дағы шеттегі бір  
қыстақтан,  
Ашық айтам білімім де жоқ кемшіл.  
Құтыла алмай кем санаған  
қыспақтан,  
Кей адамға арта түсті өкпем шын.

\* \* \*

Сенімім сетінемес бекем деме,  
Кеудеме жалған күліп мекендеме.  
Өртеп жүр өзегімді өтірігің,  
Жолықтың осы жолы бекер неге?  
Адамға арналғандай сертің өзге,  
Жан болып елестейсің сен бір көзге.  
Балтамның жүзі тасқа  
тиген талай,  
Ойлама сенеді деп селдір сөзге.

### МЕЗГІЛ ӘУЕНДЕРІ

Таулардан кеткен құстар  
асып мынау,  
Бір сәтке көңілімді жасыттың – ау.  
Қаһарлы қыс жақындап қалғаны ма,  
Тұр әне, тау балағын басып қырау.

Кеткен соң бұл өлкені құс жатырқап,  
Қалыпты көркі қашып,  
қыр тақырлап.  
Көз жазған сұлу жаздан кең даланың,  
Қарадық келбетіне біз таңырқап.

Басқаны мен жерді күздің  
сұр тұманы,  
Көңілге келбетінен сыр тұнады.  
Аспаннан ақ ұлпа қар жауса дағы,  
Ормандар қашырған жоқ сұрқын әлі.

\* \* \*

Қар жауды Алматыға бүгін тағы,  
Бетке ұрды қыстың суық  
мығым табы.  
Сарғайған жапырағы сусып, түсіп,  
Оранды ақ шөлге бүкіл бағы.

Төкпеді қаламызға шуақ аспан,  
Жылылық сезілмейді сұр ағаштан.  
Түрмеді тастың бетін тұмсығымен,  
Өле ме қалың кептер шын -  
ақ аштан.

Қабағын қаламыздың басып кірбің,  
Бұзылып көңіл күйім жасып тұрмын.  
Қатайып қара суық кетер білем,  
Үйіңе тез жетуге асық құрбым.

\* \* \*

«Қыс қаһарын біл сен» деп,  
Қырға түсті қар қалың.  
Ұша алмай жүр бүрсеңдеп,  
Тырнағы үсіп қарғаның.

Аяз үдеп, дүркіреп,  
Барады әне, құзды асып.  
Ақпайды өзен күркіреп,  
Бетін қалған мұз басып.

Сыртқа шықсаң қатты қыс,  
Қарсы алады қар бүркіп.  
Даладағы әнші құс,  
Кеткен осы қайда үркіп?!

Қар жамылып көк орман,  
Қас қабағын тұр түйіп.  
Көктем айы боп арман,  
Дала жатыр бұртшып.

\* \* \*

Айтарсың маған тағы сын,  
Болмаймын бірақ жақсы атты.  
Қызғанбай достың табысын,  
Көздедім жетпек мақсатты.

Болмай ақ бейне тауық бір,  
Термедім байдың тарысын.

Жанынан достың тауып кір,  
Көрмедім таптап намысын.

Айтқанмен артық сыр мұндай,  
Жүретін жолды кір етпен.  
Досымның сағын сындырмай,  
Сыйластым адал ниетпен.

Кешпедім тірлік кіл жеңіл,  
Көрінген жоқпын күнде өрден.  
Қалмады қайран бұл көңіл,  
Бір жолда жүрген кімдерден?

Емеспін әсте көр пенде,  
Білемін жақсы – жаманды.  
Жаныңды тазарт көркемде,  
Шындыққа тіктеп жанарды.

\* \* \*

Қабағын түйіп тұр аспан,  
Көтермес желді – желпенді.  
Қап – қара бұлттар тұтасқан,  
Төге ме қарын жерге енді.

Соғады тынбай жел гулеп,  
Қасыңнан қалмай жандасып.  
Кеткен кеше жер кірлеп,  
Ағарды бетін қар басып.  
Аязын ертіп қыс келді,  
Ойпаңға ақ қар кептелді.  
Жылы жер болмай құсқа енді,  
Амалсыз тастап кетті елді.

Естілмей құстың дыбысы,  
Тым – тырыс міне тұр маңай.  
Тарылды жердің тынысы,  
Болар дейсің кімге оңай?!

\* \* \*

Адамдай ашулы аяз қарымта алар,  
Амал жоқ па, осының бабын табар.  
Көрсетпей көзімізге ой мен қырды,  
Мінеки, басып қалды ақ ұлпа қар.  
Өткен бір отырғанда күзді

ойға алып,

Ақ боран өте шықты мұздай қарып.  
Арқаны аяз қысып бара жатыр,  
Көктегі күннің көзі қызбай қалып.  
Қаптатып, қара бұйра бұлтын  
көктен,

Соғып тұр қысқы боран біртүрлі  
өктем.

Жүзіне жер ананың нұр жүгірер,  
Кешікпей келіп жетсе мүмкін  
көктем.

\* \* \*

Ниетім жүрегіңе жетер адал,  
Дедің де сыйлағансың бет орамал.  
Сыйнды жоғалтпадым, бекінгенмін,  
Жаныңа жасамасқа бекер обал.

Келіссең кездеселік, қорынбалы,  
Сақтаулы ол орамал қолымда әлі.  
Оңаша отырғанда ақтарайық,  
Көп сырды бастан кешкен  
қонымды әрі.

Жаныңды қалман деме мен түсінбей,  
Көзіңе көрінбеспін кем кісідей.  
Сыйлаған орамалың тозбас сірә,  
Айнымас адалдықтың белгісіндей.

\* \* \*

Демеші топты жарған алғыр ма  
едің,  
Болмады басқан жолым даңғыл  
менің,  
Шыға алмай бір биікке табан тайып,  
Шаттықтан басым тұрды қайғым  
менің.

Болса да көңілімнің анық мұңы,  
Ұстадым көкіректе жабық мұны.  
Жасамыс тартқан кезде көбейсе  
екен,  
Алдағы өмірімнің жарық үні.

## КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КҮН САНАП ҚЫМБАТТАП ЖАТЫР, БҰЛ ОРАЙДА БОНУСТЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР ҚАЛТАҒА ТҮСЕТІН САЛМАҚТЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ. БАНКТЕР НЕ ҰСЫНАДЫ?

Бағалар күн санап шарықтап келеді, мұның отбасылық бюджетке әсері тиетіні анық. Қазақстанда жылдық инфляция жеделдеді: 2025 жылғы мамырда ол 11,3%-ды (сәуірде 10,7%-ды) құрады. Әрине, бәрі бірдей емес. Мәселен, ақылы қызметтер бір жылда бірден 16%-ға (сәуірде 15,7%-ға), азық-түлік тауарлары 9,6%-ға (сәуірде 8,5%-ға), азық-түлік емес тауарлар 9%-ға (сәуірде 8,9%-ға) қымбаттады.

Ел тұрғындарының тауарлар мен қызметтерді сатып алу бағасы мен көлемінің өсуін ескергенде, инфляцияның жылдық деңгейіне ең көп үлес қосқан — тамақ өнімдері мен алкогольсіз сусындар (3,8 пайыздық тармақ) және тұрғын үй қызметтері (1,8 п. т.). Бәрінен де ең соңғысының бағасы шарықтады. Мәселен, өткен жылдың мамырымен салыстырғанда, суық су тарифтері 97,6%-ға, су бұру 25,1%-ға, орталықтан жылыту 19,2%-ға, тарату желілері арқылы тасымалданатын газ 15%-ға, ыстық су 14,5%-ға, электр энергиясы 11,2%-ға, тұрғын үйді күтіп ұстау 10,7%-ға қымбаттады.

Коммуналдық қызметтің қымбатшылығын ескеріп, қазақстандықтармен қалтаға түсетін салмақты жеңілдету жолымен бөлісеміз: Қазақстан банктерінің ұсыныстарына мониторинг жүргізіп, бағаның шарықтап тұрған кезінде қандай да бір жеңілдік алу үшін коммуналдық және басқа да қызметтерді қай жерде төлеген тиімдірек екенін анықтадық.

Бүгінде (және жыл соңына дейін) коммуналдық қызметті ForteBank-тің карталарымен төлеген әлдеқайда тиімді: «Төлемдер» бөлімінде берілген «Коммуналдық қызметтер» және «Телефон, Интернет және ТВ» санаттары бойынша төлем жасағаны үшін 10% мөлшерінде бонус ала аласыз. Барлық өңірлер бойынша түбіртектерді, лифт, күзет агенттіктерінің ақысын және т. б. төлемдерді жасауға болады. Тұрғын үй мен коммуналдық қызметтердің 15,7%-ға қымбаттағанын ескерсек, қазақстандықтар үшін он пайыздық кешбэк/бонус түріндегі өтемақы едәуір жеңілдік болып саналады.

ForteBank кешбэк/бонустар бойынша, әсіресе, коммуналдық төлемдер үшін берілетін бонустар бойынша елеулі алшақтықпен көш бастап тұр. Ал басқа ірі банктерде бонустар едәуір қарапайым (айталық, Банк ЦентрКредитте 1% немесе Halyk Bank-те 0,5%) немесе арнайы бір шарттарды ұсынады.

Мысалы, Berek Bank ұсынатын кешбэк 1%-ды құрайды, бірақ клиенттің депозитте қомақты қаражаты болса, кешбэктің мөлшері көбеюі мүмкін.

Freedom Bank-те де кешбэк 1%-дан басталады және одан жоғары болады (шоттардағы орташа айлық қалдыққа байланысты), бірақ бонустық бағдарламаның өзі теңгемен емес, қор нарығында холдингтің акцияларына байланған Freedom инвестициялық валютасымен жұмыс істейді.

Bank RBK-да 2% мөлшерінде кешбэк алуға болады, бірақ ол банктің SARQYT бонустық бағдарламасына қатысқан кезде ғана және картада белгілі бір қалдық болған жағдайда (75 мың теңгеден басталады және одан да көп) беріледі. Әйтпесе, бонустар берілмейді.

Кейбір ірі банктер коммуналдық қызметтер ақысын төлегені үшін бонустарды мүлдем есептемейді.

## STARLINK ҚАЗАҚСТАНҒА РЕСМИ ТҮРДЕ КЕЛУДЕ: СПУТНИКТИК ИНТЕРНЕТТИ ІСКЕ ҚОСУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Starlink компаниясы (SpaceX-тің еншілес құрылымы) спутниктік интернет қызметін Қазақстан аумағында ресми іске қосу туралы келісімге қол қойды. Құжат компанияның еліміздің ақпараттық қауіпсіздік және байланыс саласындағы заңнамасын толық сақтай отырып жұмыс істеуін көздейді.

Құжат Қазақстан халқы үшін Starlink спутниктік терминалдарын ресми түрде сатуды іске қосуды көздейді – сатылымдар 2025 жылдың үшінші тоқсанында басталады деп жоспарланып отыр.

Жобаны іске асыру – елдің шалғай өңірлерін жоғары жылдамдықтағы спутниктік интернетпен қамтамасыз етуде маңызды қадам болмақ. Бұл цифрлық байланыс мүмкіндіктерін кеңейтіп, телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға тың серпін береді.

Жоғары жылдамдықты интернетке Starlink арқылы қосылу ауылдық мектептер, медициналық мекемелер, мобильді топтар мен инфрақұрылым нысандарына сапалы байланысқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе талшықты-оптикалық желілерді экономикалық немесе техникалық тұрғыдан тартуға қиындық тудыратын өңірлерде өзекті болып отыр.

«Қазақстан — аумағы кең, халқы әр өңірге шашыраңқы орналасқан ел. Барлық тұрғындарды сапалы интернетпен қамту үшін біз талшықты-оптикалық байланыс желілерінен ұялы байланыс мұнараларына дейінгі түрлі тәсілдерді қолданамыз. Алайда жайылымдар, таулы ауылдар мен шалғайдағы кәсіпорындар сияқты қолжетімділігі күрделі аймақтар да бар. Ондағы тұрғындар да сапалы интернетке қол жеткізуі тиіс. Қазіргі таңда әлемде бұған мүмкіндік беретін технологиялар бар. Бүгінге дейін Starlink елімізде тек мектептерге интернет ұсынып, пилоттық режимде жұмыс істеп келді. Ал халық үшін ол ресми түрде қолжетімсіз еді. Енді біз келісімге келдік, компания ақпараттық қауіпсіздік пен байланыс саласындағы ұлттық заңнама талаптарына сай жұмыс істейтін болады. Биыл қажетті жұмыстар жүргізіліп, тұрғындар ресми әрі

заңды түрде спутниктік интернетке қосыла алады», — деді министр Жаслан Мадиев.

Starlink жабдықтарын заңдастыру мен ресми қолдану мәртебесінің ерекше маңызы бар: енді азаматтар терминалдарды заңды түрде сатып алып, пайдаланып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркей алады.

Starlink спутниктік интернетіне қосылу арнайы пайдаланушы құрылғылары арқылы іске асады. Қазіргі уақытта жеке пайдаланушыларға қызмет көрсету тәртібін қоса алғанда, техникалық және ұйымдастырушылық мәселелерді келісу жұмыстары жүргізілуде.

Жобаны іске асырудың барлық кезеңдері ұлттық заңнама талаптарын, соның ішінде қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

Бұл бастама Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қала мен ауыл арасындағы цифрлық теңсіздікті азайту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында жүзеге асырылуда және «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасының мақсаттарына сәйкес қолға алынуда.

## НІТЕС FITCH АГЕНТТІГІНЕН «BBB»

### ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КРЕДИТ РЕЙТИНГІН АЛДЫ

Халықаралық рейтинг агенттігі Fitch Ratings «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-на (NITEC) шетел және ұлттық валютадағы эмитенттің ұзақмерзімді дефолт рейтингін (Issuer Default Ratings, IDR) «BBB» деңгейінде, тұрақты болжаммен берді. Бұл шешім компанияның халықаралық деңгейдегі тұрақтылығын және Қазақстан үшін стратегиялық маңызын мойындаудың маңызды көрсеткіші болды.

Fitch тұжырымына сәйкес, рейтингтер NITEC-тің ұлттық цифрлық инфрақұрылымдағы маңызды рөлін және мемлекеттік сектормен институционалдық байланысын көрсетеді. Компания мемлекет үшін технологиялық серіктес ретінде әрекет етіп, негізгі ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді.

Берілген рейтинг Қазақстан Республикасының егемендік рейтинг деңгейіне сәйкес келетіндігін атап өткен жөн. Бұл компанияға жетекші халықаралық агенттіктердің бірі тарапынан жоғары сенім білдірілгенін көрсетеді.

«BBB» деңгейіндегі инвестициялық рейтингтің және тұрақты болжамның берілуі – бұл компанияның қаржылық сенімділігінің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар халықаралық инвестициялық қауымдастыққа берілген күшті сигнал. Бұл NITEC тұрақты макроэкономикалық және басқару ортасында жұмыс істейтінін, қарызды басқару бойынша жауапты саясат жүргізетінін және ресурстарды тиімді пайдаланатынын дәлелдейді.

Бұл оқиға компания үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады: серіктестер үшін ашықтық артады, қаржы институттарының сенімі нығаяды, халықаралық капитал нарығына шығу әлеуеті пайда болады. Сонымен қатар, Fitch рейтингі NITEC-тің корпоративтік басқару және институционалдық даму деңгейінің жоғары екенін айғақтайды.

Құрылған сәтінен бастап NITEC цифрлық мемлекеттің архитектурасын жүйелі түрде қалыптастырып келеді. Компания негізгі мемлекеттік IT-қызметтерді дамытып, сүйемелдеп, елдің цифрлық платформасының технологиялық сенімділігін, ауқымдылығын және тұрақтылығын қамтамасыз етуде.

## ҚЫТАЙДЫҢ ТАНЫМАЛ БЛОГЕРІ ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМНІҢ ЕЛШІСІ АТАНДЫ

Астанада Kazakh Tourism басшысы Қайрат Сәдуақасов «Қазақстан туризмінің елшісі» мәртебесін Қытайдың танымал инфлюенсері Таотаоға табыс етті. Блогер өзінің ықыласымен еліміздің бай мәдениеті мен табиғатын 7 миллиондық аудиториясына таныстырып келеді.

Қытайдың инфлюенсері Қазақстанның 3 өңірімен танысып үлгерді. Ол алғаш рет елімізге 2024 жылы Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында келген. Бұл жолы Таотао Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының бірегей табиғи жерлерін саяхаттап, Астана және Алматы қалаларының айналасымен танысуда.

Таотао атқа мінуге үлкен қызығушылық танытады. Ол еліміздің мәдениеті мен көркем табиғи ландшафттарына ерекше назар аударады. Блогер өз жарияланымдарында қазақтың дәстүрлі киімдері мен ұлттық асхананы паш етеді, бүркітпен аң аулау тәрізді бірегей сәттермен бөліседі.

«Мұндай құрметті мәртебенің берілгеніне аса қуанып, ризашылығымды білдіремін. Барынша көп адам Қазақстан жайлы білсін және келсін деген ниетпен әсем табиғаттарыңыз бен ұлттық тағамдарыңызды көрсетуді жалғастырамын», - деп өз әсерімен Таотао бөлісті.

Kazakh Tourism 2018 жылдан бері «ҚР туризмінің елшісі» бастамасын жүзеге асыруда. Бұл Қазақстанды тартымды туристік бағыт ретінде ілгерілетуге, әлемнің түкпір-түкпіріндегі саяхатшылар назарын еліміздің табиғи және мәдени байлығының алуан түрлілігіне аударуға бағытталған. Өткен жылы құрметті миссияны жапондық блогер Юджи Натсума қабылдады.

«Туризм елшілері институты - ұлттық туристік брендті шетелде ілгерілетудің маңызды құралы. Олардың арасында туристік индустрияның мәдениет және білім беру, медиа цифрлық кеңістік өкілдері бар. Қазақстан туризмінің елшілері әлемнің бірқатар мемлекеттерінде бар. Олар өздерінің үлкен ықыласымен және ақысыз негізде елімізді көпшілікке паш етуде», - деп атап өтті «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Қайрат Сәдуақасов.

# Құттықтаймыз!

## ХАБАРЛАНДЫРУ



Сүмбе ауылының тумасы, сыныптасымыз **Нұрбақыт ЖҰМАБЕКҰЛЫН** 63 жасқа толып, зейнетке шығуымен құттықтаймыз! Әлемдегі бар жақсылықты өзіңізге тілеп, ғұмырыңыздың арайлы да шуақты шақтары мол болсын дегіміз келеді. Мейірім шашқан нұрлы жүзіңізді мұң шалмасын, көңіліңізге ешқашан кірбің түспесін. Немерелеріңіздің қызығына батып, шөберелеріңізден шөпшек көруді нәсіп етсін. Денсаулығыңыз мықты болып, өміріңіз бақытты, қуанышты сәттерге толы болып, әрбір атқан таң сізге тек шаттық нұрын сыйласын.

*Жеміс берді тер төккен еңбегіңіз,  
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.  
Дәулет пен мерейіңіз таси берсін,  
Арта берсін абырой беделіңіз.*

**Құттықтаушылар: Сыныптастары, Сүмбе ауылының 1979 жылғы түлектері**



Сарыжаз кәсіптік-техникалық колледжінің коменданты **БЕСІРОВА Айгүл Сайлауханқызын** маусым айының 29 жұлдызында зейнеткерлік 61 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз! Сізге өмірдің бар жақсылығын тілейміз. Адал еңбегіңіздің зейнетін ұзақ жылдар бойы ұрпағыңызбен бірге көріңіз. Денсаулығыңыз мықты, басыңыз аман, бауырыңыз бүтін, отбасыңыз берекелі болсын. Алдағы уақытта әр күніңіз тек жақсылыққа толы болсын. Езуіңізден күлкі кетпей бақытты да ұзақ өмір сүруіңізге шын жүректен тілектеспіз.

*Жыл сайын қуанышқа бөленіңіз,  
Бақытқа отбасылық кенеліңіз.  
Келіп жеткен мерейтой құтты болып,  
Сыйлы болып, ел-жұртыңызға еленіңіз.*

**Құттықтаушылар: Сарыжаз кәсіптік-техникалық колледжінің ұжымы**

“Желтоқсан ақиқаты” Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің Райымбек аудандық филиалының мүшелері Райымбек ауданының Құрметті азаматы, «Желтоқсан көтерілісіне 30, 35 жыл», «Желтоқсан ардагері», «Отан патриоты», «Ауыл еңбегі үшін» медальдарының және «Желтоқсан ардагері» төсбелгісінің иесі “Желтоқсан ақиқаты” Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің Райымбек аудандық филиалының төрағасы, бұрынғы Нарынқол телекоммуникация торабының басшысы

**ДОСТАРБЕКОВ Тойғожа Молдабиұлының**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған туыстарына қайғыра көңіл айтады.

Аудандық «Хантәңірі» газетінің ұжымы аудандық «Экономика және қаржы бөлімінің» басшысы **БЕРІКБАЙ Жанат Нұрбекұлына** кіші әкесі

**БЕРІКБАЙ Нұрмұханбет Шәріпбайұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық «Хантәңірі» газетінің ұжымы Райымбек ауданының Құрметті азаматы, «Желтоқсан көтерілісіне 30, 35 жыл», «Желтоқсан ардагері», «Отан патриоты», «Ауыл еңбегі үшін» медалдарының және «Желтоқсан ардагері» төсбелгісінің иесі “Желтоқсан ақиқаты” Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің Райымбек аудандық филиалының төрағасы, бұрынғы Нарынқол телекоммуникация торабының басшысы

**ДОСТАРБЕКОВ Тойғожа Молдабиұлының**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған туыстарына қайғыра көңіл айтады.

“QAZAQ GRANIT” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«Қарағайлыақтас» кен орнының «Орталық» учаскесінде қалайы-вольфрам-литий кендерін өндіруге арналған тау-кен жұмыстары жоспары бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 07 тамызда, сағат 15:00-де Алматы облысы, Райымбек ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылы, С. Ашимбаев көшесі №36, ауыл әкімдігі ғимаратында өтеді.

Жоба құжаттамасы келесі сайттарда орналастырылған: <https://hearings.ndbecology.gov.kz>

және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Қоғам өкілдері өз ескертулері мен ұсыныстарын келесі мекенжайларға жолдай алады:

Электрондық түрде: 329267eco@mail.ru

Қағаз нұсқада: Алматы облысы, 040800, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, №12

Тел.: +7 (72772) 2 32 27

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: “QAZAQ GRANIT” ЖШС Мекенжайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесағаш ауылдық округі, Бесағаш ауылы, Т. Аубакиров көшесі, 15-ғимарат, Тел.: +7 (701) 993 74 41,

E-mail: qazaqgranit15@mail.ru, БСН: 130540021690,

Директор: Ғылымхан Қали

Есеп жобасын дайындаған: ЖК Рыженко А.Н. (ҚР ЭМ 01.02.2019 ж. № 02462Р МЛ). Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Майлы Қожа көшесі, 59. ЖСН 81122930051. Қосымша ақпарат келесі телефон бойынша: 87026611651, e-mail: alex\_291281@mail.ru

Төтенше жағдай енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі.

Онлайн қосылуға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/6181720387?pwd=7RPGBBwGqu4h3YgsK108EBNgIshjpa.1&omn=89096443084>

Конференция идентификаторы: 618 172 0387

Кіру коды: L38L6c

Учаске орталығының географиялық координаттары: 42°39'0.91"С, 80°3'13.98"В.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «QAZAQ GRANIT» уведомляет о проведении общественных слушаний по отчету о возможных воздействиях "План горных работ по добыче оловянно-вольфрамово-литиевых руд на участке «Центральный» месторождения Карагайлыақтас».

Слушания состоятся 07.08.2025 г., в 15:00, по адресу: Алматинская область, Райымбекский район, Жамбылский с.о., с. Жамбыл, ул. С. Ашимбаева №36, здание сельского акимата

Документация по проекту размещена на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области».

<https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Общественность может направить свои замечания и предложения в электронной форме по адресу: 329267eco@mail.ru, в бумажной форме: Алматинская область, 040800, город Қонаев, улица Құрылысшы, № 12., тел.+7 (72772)2 32 27

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «QAZAQ GRANIT».

Адрес: Алматинская область, Талғарский район, с/о Бесағаш, с. Бесағаш, ул. Т. Аубакирова, здание 15.

Тел: +7(701)-993-74-41. E-mail qazaqgranit15@mail.ru, БИН 130540021690.

Директор – Ғылымхан Қали

Составитель отчета: ИП Рыженко А. Н. (ГЛ МЭ РК № 02462Р от 01.02.2019 г.). Республика Казахстан, г. Шымкент, ул. Майлы Кожа, 59. ИИН 811229300512. Доп. информация по тел: 87026611651, e-mail: alex\_291281@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение:

<https://us05web.zoom.us/j/6181720387?pwd=7RPGBBwGqu4h3YgsK108EBNgIshjpa.1&omn=89096443084>

Идентификатор конференции: 618 172 0387

Код доступа: L38L6c

Географические координаты центра участка: 42°39'0.91"С, 80°3'13.98"В.



МЕНШІК ИЕСІ:  
«ХАНТӘҢІРІ  
РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС

Директор-  
Перизат ІЗТЕЛЕУ

Бас редактор –  
Дастан ЖАҢАСІЛ

Редакция алқасы:

Айгүл ТАҒАЕВА –  
веб-редактор, дизайнер

Ақерке БИЖАН - тілші

Қазақстан Республикасы  
ақпарат және  
коммуникация министрлігі  
байланыс, ақпараттандыру  
және бұқаралық ақпарат  
құралдары саласындағы  
мемлекеттік бақылау  
комитетінде 2017 жылғы  
13 сәуірде тіркеліп,  
№16447-Г куәлігі  
берілген.

«Принт-плюс» ЖШС-ның  
баспаханасында басылады.  
Алматы облысы, Іле ауданы,  
Өтеген батыр ауылы,  
С. Сейфуллин көшесі, 2 «Б»  
Таралымы 3000 дана.  
Индексі 65543.

Көлемі екі баспа табак.  
Офсеттік тәсілмен басылған.  
Газет айына төрт рет шығады.  
Бағасы келісімді.

Жарияланған мақала  
авторларының пікірі редакция  
көзқарасын білдірмейді.

Материалдар иесіне  
қайтарылмайды және оған  
жауап берілмейді. Жарнама  
мен хабарландырудың  
мазмұны мен мәтіні,  
суреттеріне жарнама беруші  
жауапты.

Редакцияның  
мекенжайы:

Нарынқол ауылы,  
Б. Соқпақбаев көшесі, 20/1,  
1- қабат

Байланыс телефондары:  
Бас редактор 2-20-92,  
Жауапты хатшы 2-20-34  
Немірдің кезекші редакторы  
Ақерке БИЖАН.